

Қазақстан Республикасында реформаларды ақпараттық-насихаттық қамтамасыз ету бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары туралы

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік хатшысының 1997 жылғы 9 қаңтардағы N 1 Өкімі

1. Қазақстан Республикасында реформаларды ақпараттық-насихаттық қамтамасыз ету бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары (қоса беріліп отыр) бекітілсін.

2. Іс-шаралар жоспарының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президенті Өкімшілігінің Ұйымдастыру-бақылау бөлімі мен Ішкі саясат бөліміне жүктелсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Мемлекеттік хатшысы

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

М е м л е к е т т і к

х а т ш ы с ы н ы ң

1 9 9 7

ж ы л ғ ы

9

қ а ң т а р д а ғ ы

N 1 өкімімен бекітілген

**Қазақстан Республикасында реформаларды
ақпараттық-насихаттық қамтамасыз ету бағдарламасын
іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары**

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің Реформаларды ақпараттық-насихаттық қамтамасыз ету жөніндегі республикалық комиссия, оның Кеңесі мен комиссиясы туралы қаулысының жобалары әзірленсін.

Ж а у а п т ы : Т а с м а ғ а м б е т о в И . Н .

1997 жылғы қаңтар

2. Қазақстан Республикасының облыстары мен Алматы қаласының әкімдері жанында, министрліктері мен ведомстволарында реформаларды ақпараттық-насихаттық қамтамасыз ету жөнінде комиссиялар құру ұсынылсын.

Ж а у а п т ы л а р : Т а с м а ғ а м б е т о в И . Н . ,

Бәйменов Ә.М., Тәжин М.М., Бижанов А.Қ.,

министрліктер, ведомстволар басшылары

1997 жылғы қаңтар

3. Реформалардың ақпараттық-насихаттық бағдарламасын республикалық және мерзімді баспасөз бен басқа да бұқаралық ақпарат құралдарында насихаттау жөнінде

іс-шаралар; реформаларды насихаттық қамтамасыз ету мәселелері бойынша мемлекеттік және басқа тілдерде ғылыми-көпшілік, анықтамалық және басқа әдебиет шығару жоспары әзірленсін.

Жауаптылар: Тасмағамбетов И.Н.,

Тәжин М.М., Бижанова А.Қ.,

Сәрсенбаев А.С.

1997 жылғы 1 тоқсан

4. Жүзеге асырылып жатқан реформаларды насихаттайтын кадрлардың біліктілігін арттыру жөнінде тұрақты жұмыс істейтін курстардың тәртібі мен бағдарламасы әзірленсін.

Жауаптылар: Тасмағамбетов И.Н.,

Бәйменов Ә.М., Бижанов А.Қ.

1997 жылғы 1 тоқсан

5. Қоғамдық татулықты қамтамасыз ету тетігі әзірленсін, бұл ретте республикалық және жергілікті деңгейдегі атқарушы органдар жанында тұрақты жұмыс істейтін қоғамдық құрылымдар құру қажеттігі ескерілсін.

Жауаптылар: Тасмағамбетов И.Н.,

Бәйменов Ә.М.

1997 жылғы ақпан

6. Қазақстан Республикасындағы мәдени, білім беру және тіл саясатының мемлекеттік бағдарламалары туралы ұсыныстар әзірленіп, енгізілсін.

Жауаптылар: Тасмағамбетов И.Н.,

Тәжин М.М., Бижанов А.Қ.,

Мұхаметжанов О.Б., Мамашев Т.А.,

Жұрынов М., Ким Г.В.

1997 жылғы 1 тоқсан

7. Реформаларды ақпараттық-насихаттық қамтамасыз етудің үлгілерін (идеологемалар, тетіктер, арналар, негіздер) қамтамасыз ететін құрылымдар құру туралы ұсыныстар әзірленіп, енгізілсін.

Жауаптылар: Тасмағамбетов И.Н.,

Тәжин М.М., Бижанов А.Қ., Қасенов Ә.Т.

1997 жылғы наурыз

8. Қазақстан Республикасы Үкіметі Аппаратының реформаларды ақпараттық-насихаттық қамтамасыз ету жөніндегі үйлестіру функциялары жүктелетін құрылымдық бөлімшесі туралы мәселе қаралып, белгіленген тәртіппен келісілсін.

Жауапты: Тасмағамбетов И.Н.

1997 жылғы ақпан

9. Ғылыми және шығармашылық интеллегенция өкілдерін қолдайтын Президент қоры туралы ұсыныстар әзірленсін; қорды белгіленген тәртіппен тіркеу жүргізілсін.

Жауаптылар: Әбдікәрімов О.Ә.,
Тасмағамбетов И.Н.,
1997 жылғы ақпан

10. Республиканың жетекші жоғары оқу орындары жанында реформаларды ақпараттық-насихаттық қамтамасыз ету жөнінде базалық орталықтар құру туралы ұсыныс енгізілсін және осы орталықтар туралы ереже әзірленсін.

Жауаптылар: Тасмағамбетов И.Н.,
Жұрынов М.,
1997 жылғы 1 тоқсан